

Ауданның мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы және мектепке дейінгі шағын орталықтардағы балалардың тамағы үшін ата-аналардың төлем ақысының көлемін бекіту туралы

Мұнайлы аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 23 шілдедегі № 149-қ қаулысы. Мұнайлы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 09 тамызда № 11-7-75 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы», 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсанындағы № 1353 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 7 шілдедегі № 372 «Балалар толық және жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар қызметін ұйымдастырудың үлгілік ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Ауданның мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы және мектепке дейінгі шағын орталықтардағы бір баланың бір күндік тамақ калькуляциялық нормасы 1 Қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Ай сайынғы төлем ақысынан босатылатын балалар санаты 2 Қосымшаға және ай сайынғы төлем ақысынан 80% - ға босатылатын балалар санаты 3 Қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 2 тармаққа толықтырылды - Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2011.06.28 № 83 - қ (2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен

3. Аудан әкімдігінің 16.06.2010 жылғы № 121 - қ қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Ондабаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Әкім

Е.Әбілов

« К Е Л І С І Л Д І »

«Мұнайлы аудандық білім бөлімі»

ММ бастығы З.Тастемирова

Мұнайлы

ауданы

әкімдігінің

2010

жылғы

23

шілдедегі

1 Қосымша

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы және мектепке дейінгі шағын орталықтардағы балалардың 1 күндік тамақ калькуляциялық нормасы/

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2011.06.28 № 83 - қ (2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен

Тағамдар	тағамдардың бірлігінің орташа бағасы	1 баланың бір күндік нормасы	
		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы, мектепке дейінгі шағын орталықтардағы балалардың жасы	
		3 жасқа дейінгі	3 жастан 6 жасқа дейін
		құны,тенге	құны, тенге
Бидай наны	100	5.5	8
Қара бидай наны	100	2.5	4
Бидай ұны	72	1.152	1.44
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері	200	4	6
Картоп	130	15.6	24.7
Әр түрлі көкөністер	230	41.4	46
Жас жемістер	330	29.7	19.8
Кептірілген жемістер	1200	12	12
Кондитерлік тағамдар	545	2.18	5.45
Қант	200	7	9
Сары май	650	7.8	13
Өсімдік майы	365	1.825	2.555
Жұмыртқа (дана)	22	5.50	11
Сүт	195	97.5	81.9
Сүзбе	320	12.8	12.8
Ет	1000	60	100
Балық	400	8	18
Қаймақ	460	2.3	2.3
Шай	1400	0.28	0.28
Тұз	40	0.08	0.2
Ашытқы	1250	1.25	1.25
Барлығы:		318.367	379.675

1 баланың орташа тамақтану нормасы		349.0
------------------------------------	--	-------

Ескерту: Тағамдардың орта бағасы 2011 жылдың 1-ші қаңтарына көрсетілген статистикалық мәліметтерге сәйкес.

Мұнайлы	ауданы	әкімдігінің
2010	жылғы	шілдедегі
№ 149	-	қаулысына
2 Қосымша		

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы және мектепке дейінгі шағын орталықтардағы ай сайынғы төлемақйдан босатылатын балалардың санаты

- тұлдыр жетім балалар;
- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар